

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы : **ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"**

Топ: **«Сұңқар»** ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастаң**

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</p> <p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аланадамай сонына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музықадан алған әсерлері туралы әнгімелдеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендей таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғакты қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш</p>

	<p>сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай женіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атаяу.</p> <p>Билер.</p> <p>Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Женіл, ырғақпен қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау; билerde ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
--	---